

Етті ірі қара малын өсірудің негіздері

Ірі қара малы етін өндіруді ұйымдастыруға озық технологияларды қолдану, етті ірі қара табындарын құрастыру, жайып семірту технологиялары, азық қорын жасау мен мал дәрігерлік-санитарлық шараларды жүргізу.

Ірі қара малының биологиялық өсіп өну ерекшеліктері

Ірі қара малы басқа ауыл шаруашылығы малдарына қарағанда жыныстық жетілу жасының ұзақтығына жыныстық шаруашылық жетілуі периодтары бойынша біршама ерекшелінеді

Етті ірі қара малы 5-6 жасқа дейін өседі. Сүтті ірі қара малына қарағанда етті малдың жыныстық жетілуі 2-3 ай мерзімге ерте келеді. Орта есеппен алғанда жыныстық қауқарлылығы мен жыныстық жетілу мерзімі бұқшықтарда 7-8 айда, таналарда 6-9 айда көріне бастайды бірақ бұл кезде жас малдар толық жетіліп қажетті салмақ жинап сүйек бітімі қалпына келіп жетіле алмайды. Ерте шағылысқа түсу малдың өзіндік өнімділігі мен оның конституциялық-экстерьерлік жетілуіне көп әсер етеді. Қалыпты жағдайда ет бағытындағы ұрғашы таналардың шаруашылық жыныстық жетілуі 15-18 айлық жасында тірі салмақтары ірі аналық сиырдың салмағының 60-70 пайызын құрағанда, бірақ ұсақ тұқымды малдарда кемінде 290-320 келіні ал, ірі тұқымды малдарда 340-360 келіні құрағанда болады. Бұқашықтардың шаруашылық жыныстық жетілуі 14-16 айлық жасында тірі салмақтары жасына байланысты стандартты салмаққа жетуі керек. Айта кету керек, арнайы етті ірі қара мал тұқымдарының көптеген ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Олар жоғары ет өнімділігімен және аса сапалы етімен, тез жетілгіштігімен, өнімге азықты аз жұмсайтындығымен ерекшеленеді. Сойған кезде олардан жеуге жарамды бөлігі көп, халықаралық стандарт талабына сай ауыр ұша және сапалы тері шикізаты алынады. Етті ірі қара шаруашылығы саласына шығын аз жұмсалады және жерді экстенсивті пайдаланатын аймақтарда тиімді ет өндіруге мүмкіндік береді.

Жақын жылдардың ішінде бұл саланы ірілендіруге, шаруашылық субъектілерін мамандандыруға, шаруашылықтарда етті ірі қара малының көпшілік бөлігін шоғырдандыруға, жергілікті азық жағдайына, ұдайы өндіруді қарқынды жүргізуге төлдерді бағытты өсіруге, жайып-семіруге және бордақылауға, өндіс-үдерісін ықшамдауға, сиырдың маусымдық төлдеуін реттеуге байланысты жұмыстар атқарылуы тиіс. Осы жағдайда етке өткізілетін жас төлдерді жайылым отын пайдаланып, «бір қыс, екі жаз» принципі сақтаған тиімді. Бұл шаруашылықтарда отандық етті ірі қара малдың таза тұқымдарын көбейтуге және шағылыстыруға етті ірі қара мал тұқымының әлемдік қорын пайдалануға жол ашады. Қазақстанда етті ірі қара малдың алты тұқымы аудандастырылған. Олар қазақтың ақбас сиыры,

әуликөл, санта-гертруда, «Жетісу» тұқымшыл сүлесімен, галловей, герфорд және қалмық сиыры. Отандық етті ірі қара малына басымдылық берілген.

Отандық бірінші шығарылған етті тұқымды ірі қара мал қазақтың ақбас сиыры, ол 1950 жылы апробацияланған. Тұқым жергілікті қазақтың сиырын герфорд тұқымы бұқаларымен күрделі будандастыру нәтижесінде алынған. Қазақтың ақбас сиыры тұқымы республикамыздың барлық облыстарында ғана емес, Ресейдің Орынбор, Саратов облыстарында да кеңінен таралған, өсіріліп жатқан аймақтардың табиғи-климаттық жағдайына тез бейімделуімен, жоғары ұдайы өндіру ерекшелігімен, жайылымда тез семіру және сапалы бордақылануымен сипатталады. Ұрғашы және еркек бұзауларының тірілей салмағы 8 айлығында енесінен ажыратқан кезіне 180-220 кг жетеді. Табиғи жайылымда бағылған төлдері, қосымша жем алмағай, 800-900 г дейін тәуліктік қосымша салмақ береді., ал 12 айдан 15 айға дейінгі бордақыланғандары 980-1200 г. Осы кездегі олардың 1 кг тәуліктік қосымшп салмаққа жұмсалатын азық 6,2-7,7 азық өлшемін құрайды. 1997 жылы қазақтың ақбас сиыры тұқымының төрт зауыттық тоқал сүлесі республикамыздың Батысында «Шағатай», «Анката», Солтүстік-шығысында «Қалбатау» және Солтүстігінде «Алабота» апробацияланды.

Асылтұқымды шаруашылықтарда бұл тұқыммен жүргізілетін селекциялық зерттеулер малдың тез жетілгіштігін, өсу қарқынын арттыруға бағытталған. Тұқымның генеалогиялық құрылымында қазіргі кезде 12 зауыттық із басы бар, оның 6 жаңа.

Бұл із басылардың бұқаларынан алынған төлдер 15 айлығында 425-457 кг жетеді. Қарқанды қортынды бордақылау кезінде бұқашықтары 1200-1400 г дейін тәуліктік қосымша салмақ қосады. Сойыс шығымы 63-67% жетеді.

1992 жылы тағы да бір отандық етті ірі қара мал тұқымы әуликөл апробацияланды. Бұл тұқым күрделі шағылыстыру негізінде алынды. Бұл тұқымды алуға үш етті ірі қара мал тұқымы қатынасты қазақтың ақбас сиыры, шароле және абердин-ангус. Жаңа тұқым малының бойында жергілікті табиғи- климат, азық жағдайына бейімделу қабілеті бар. Жаңа тұқым аса сапалы еттілікті қазақтың ақбас сиырынан, тез жетілгіштікті ангусстан, үлкен салмақтылықты, қарқынды өсуді шароле тұқымынан бойына алды.

Бұл тұқымның малы тоқал, түсі ашық-боз, кейде ашық сұр, салмағына байланысты ірі тұқымға жатады. Бұқаларының тірілей салмағы 900-1200 кг, ересек сиырларының - 530-600 кг, 7-8 айлық бұзауларының енесінен ажыратқан кездегі тірілей салмағы 200-220 кг.

Соңғы жылдары әудиекөл қазақтың ақбас сиыры тұқымының жайылым отын тиімді пайдалану қабілетін жақсы сіңіргенді нәтижесінде Қостанай, Солтүстік-Қазақстан, Алматы, Қарағанды, Ақмола облыстарына кеңінен тарайды. Бұқашықтары бордақылау кезінде 960-1200 г дейін тәуліктік қосымша салмақ қосып, ұша шығымы 58-64% құрады.

2008 жылы тұқымның 2 жаңа зауыттық із басы апробациядан өтті. Жақсартушы - бұқалардың жаңа із басылары із басыға жатпайтын қатарластарынан 15 айлығында тірілей салмағы бойынша 12-20% артық.

Қазақстанның етті ірі қара малының генетикалық әлеуеті мейлінше жоғары. Қазақтың ақбас сиыры мен әуликөл тұқымдары бұқаларының рекордты тірілей салмағы 1200-1400 кг, сиырларының 800-1030 кг. Айта кету керек, іс жүзінде көптеген шаруашылықтарда елімізде өсірілетін етті ірі қара мал тұқымы өнімділігінің генетикалық әлеуеті барболғаны 50-60% ғана пайдаланылады.

Жаңадан құрылған фермерлік шаруашылықтардың материалдық - техникалық қорының төменділігі, малдың физиологиялық қажеттілігін қанағаттандыра алмайтындығы, азық қорының жетіспеушілігі, малды ұдайы өндіруге, төлдердің өсуіне кері әсерін тигізеді және селекциялық-асылдандыру жұмысының нәтижелігін төмендетеді.

Қорыта айтсақ, жоғарыда аталған мәселелерді шешу, етті ірі қара шаруашылығының үдемелі даму деңгейін жеделдетеді және аса сапалы сиыр етін өндіруді арттырады.

Ірі қара табындары өндірісін ұйымдастыру

Ірі қара табындары өндірісін ұйымдастыруды жоспарлау үшін жыл сайын кәрі сиырларды, төмен өнімді қысыр қалған аналықтарды қолданыстан шығаруды ескеру керек. Жыл сайынғы аналық малдарды табыннан шығару негізінен барлық аналықтың 15-20% құрастыруы керек. Бұл жоспарлау әр 100 аналық малдан 85 бас бұзау алуды және алынған төлді болашақ табындарға қарқынды өсіруге мүмкіндік береді. Шаруашылықтардың әсіресе жаңадан құрылып жатқан фермерлік құрылымдардың материалдық-техникалық жарақтануының томен болуы, мал азығының жетіспеушілігіне байланысты асыл тұқымды малмен селекциялық жұмысты қолайлы технологияны пайдалану арқылы жүргізу мүмкін болмай отыр.

Аналық бастарды сұрыптау малды бонитировкадан өткізу негізінде жүргізіледі. Бұл шараны жүргізу барлық шаруашылықтарға міндетті.

Ең күрделі мәселе асыл тұқымды бұқаларды сұрыптау. Бұқаларды өз өнімімен және ұрпағының сапасымен екі кезенді бақылау, өткен ғасырдың 60-шы жылдары енгізіліп, бұл жұмыс барлық асыл тұқымды зауыттар мен шаруашылықтарда экономиканы қайта құруға дейін жүргізілді. Селекциялық белгілері бар жақсартушы бұқаларды шығару үшін барлық типтік немесе соған сәйкес келетін бақылау-сынау стансаларында мүмкін болатын методикалық үдерістерді сақтау арқылы жүзеге асырылды. Қайта құру кезеңінде мал азығын дайындау жұмыстарының төмендеп кетуіне байланысты, бұқаларды генотипті бағалау үшін санаулы шаруашылықтар ғана айналысты. Онда да тұрақты және өз дәрежесінде емес.

Осыған байланысты жоғарыда айтылған етті ірі қара малына ірі көлемді селекциялық жұмысты енгізу күрделі және жан-жақты сипат алуы тиіс. Бұл әдісті қолдану және одан нақтылай нәтиже алу көптеген шаруашылық жағдайында ұйымдастыру факторларына байланысты. Теориялық тұрғыдан алғанда түрлі тұқымдық қорларды сұрыптау және жұптау арқылы бұл жұмысты әртүрлі шаруашылықтарда жүргізу қиындық туғызбайды. Осы тұрғыдан алғанда айтарлықтай ғылыми және практикалық тәжірибе жинақталды. Сондықтанда бағдарламаны жасау кезінде ғалымдардың міндеті шаруашылық басшыларымен келісе, субъективті мәселелерді, зоотехникалық және мал тұқымын асылдандыру жұмысынан бастап, ұдайы өндіруді қолдана отырып, әрбір шаруашылыққа тиісті нақты шараларды және келешектегі асыл тұқымды селекциялық жұмыстарды жоспарлауды үйлестіру болып табылады.

Бұл шаруашылықтардағы асылтұқымды малдың жұмысын жандандыруға әсерін тигізеді. Жоғарыда айтылғанның бәрі етті ірі қара малый селекциялау кезіндегі генетикалық мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға жеткіліксіз. Осыған байланысты шаруашылық субъектілерін ірілендіру және нығайту арқылы жем-шөптің тұрақты қорын жасау маңызды мәселе болып табылады.

Төлдету және емізулі бұзауларды өсіру.

Мал төлдету екіге не одан жоғары бөлікке бөлінген арнайы орындарда қабылданады. Бұл бөліктердің біреуінде туытқа келуіне 5-6 күн қалған малдар мен екінші бөлігінде туған сиырлар бұзаулары мен жеке бокстарда 5-6 күнге дейін ұсталынады. Осы уақытарда аналық сиырлар өз төлдеріне деген аналық инстинктері оянып, төлдерін табыннан айнытпай тауып емізе алады.

Сиыр етін өндіруді арттыру үшін, жас төлдерді қарқынды өсіру және бордақылауды қамтамасыз ету қажет. Бұл жас малдан аса сапалы еттілігі мол ұша алуға мүмкіндік туғызады. Қазіргі фермерлік шаруашылықтарда және жеке үй қожалықтарда негізінен халықтан сатып алынған малды бордақылайды. Бұл малдың өнімділігі жоғары болмайды. Жалпы ірі қараның жас төлін өсіру ен бордақылаудың өзі ғылыми тұрғыдан толығымен жетілдірілген деп айту қиын. Сондықтан бұл үдерісті ары қарай жақсартып, малдың өнімділігін арттыруға және қысқа мерзімде семіртуге бағыттау қажет. Осыған байланысты, әртүрлі жағдайда қазақтың ақбас сиыры және әуликөл етті тұқымдары өгізшелерінің өсуімен ет өнімділігінің әлуетін анықтау өзекті мәселе екендігі даусыз.

Өгізшелерді бірдей жағдайда ұстап, тәуліктік рационы әр-түрлі болған кезде салыстырылып отырылған екі топ өгізшелерінің өсу қарқынында айырмашылық байқалды. Қазақтың ақбас сиыры өгізшелерін әртүрлі технологияда өсіру мен еттің сапасын зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе, атап айтар болсақ, малдың тірілей салмағы өскен сайын ушадағы

ақуыздың мөлшері арта түседі, ал оның майға шаққандағы мөлшері төмендейтіндігі белгілі болды. Сонымен, атап өтетін жағдай шетел малының тұқымдық қорын пайдаланғандағы негізгі мақсат - өсіріп отырған етті мал тұқымдарының тұқымшылдық генетикалық әртүрлілігін көтеру негізінде генотиптің жаңа қасиеттерін жасақтау, бұл отандық тұқым майлы таза тұқымды жетілдіруде кері әсер етпегенін көрсетеді. Кірістіре будандастыру - таза тұқымды мал өсіргенде бірін-бірі толықтыратын ең негізгі әдіс болып табылады.

Ғалымдардың және өндірісте мол тәжірибе жинаған селекционерлердің көп жылғы жұмысының нәтижесінде шығарылған отандық етті тұқым малының бүгінде өнімдік көрсеткіштерінің төмендеуі мал азығының жетіспеуінен болып отыр.

Еттегі ақуыз бен майдың арасындағы бұл қатынасты малды азықтандыру және әртүрлі бағу әдістерін пайдалану арқылы реттеп отыруға болатындығы анықталды. Ақуыз бен майдың қажетгі деңгейдегі ара қатынасы өгізшелерді 18 айлығына дейін қарқынды өсіру технологиясын пайдаланған жағдайда қол жеткізуге болатындығы белгілі. Малдың ет өнімділігіне толық баға беру үшін, оның тірілей салмағы мен орташа тәуліктік салмағын анықтау жеткіліксіз. Аса сапалы сйыр еті дегеніміз ұшасының шығымы барынша жоғары және таза етіндегі дәмді заттардың қатынасы оптималды деңгейде болуы керек. Сондықтанда ірі қараның жас төлдерін ет алу үшін өсіргенде біріншіден сойыс салмағының барынша мол, жайып семірту мен бордақылау мерзімінің мейлінше қысқа болғаны дұрыс.

Азықтандыру мен серуендеу алаңдары деп мал топтарына арнап салынған арнайы орындар. Бұл орындарда ауа райының ерекшеліктеріне байланысты жауын-шашыннан қорғануға алаңдардың бір бөлігіне үш жақты жабылған қалқалар және жеңіл құрамалы жабық қоралар орналастырылады. Осы орындарда күз айларынан бастап 40-60см. қалыңдықта сабаннан төсемелер салынады. Төсемелер тапталуына байланысты күніне1 басқа 1-3кг . мөлшерінде жаңартылып отырады.

Етті ірі қара малдарына арналған қора жайлардың технологиялық жоспарлаудың негізгі нормалары


Азықтандыру мен серуендеу алаңдары деп мал топтарына арнап салынған арнайы орындар.Бұл орындарда ауа райының ерекшеліктеріне байланысты жауын-шашыннан қорғануға алаңдардың бір бөлігіне үш жақты жабылған қалқалар және жеңіл құрамалы жабық қоралар орналастырылады. Осы орындарда күз айларынан бастап 40-60см. қалыңдықта сабаннан төсемелер салынады. Төсемелер тапталуына байланысты күніне1 басқа 1-3кг . мөлшерінде жаңартылып отырады.

Ірі қара малы серуендеу-азықтану алаңдары жабық жаппаларды қоса есептегенде бір бас бұзаулы сиырға 20-25 м.кв. көлемді құрауы керек,оның

ішінде 5-7 м.кв. жабық жаппа көлемі болуы керек, жас малдарға 15м.кв.оның ішінде 3 м.кв. болуы керек.

Бұл алаңдар дренаж каналдар жағына қарай 3-6% ылди төмен болуы керек. Азықтандыру науалары толығымен алаңның бір жақ ұзындығын қамтуы тиіс. Алаңдардың кеңдігі 250 бас мал тұрақтауынан аспауы керек

Азық қабылдау столдары азық науасы мен бетондалған азық фартугінен тұрады. Азық науасының алдыңғы қабырғасы 0,4 м, артқы қабырғасы 0,7 м, түбі 0,6 м. ұзындықты құрауы керек.



Алаңдардың қоршаулары темір трубалармен мал тұрып азықтануы мен серуендеуіне ыңғайландырылып жасалады.

Сонымен қатар

Азық дайындау мен сақтау орындары болуы тиіс. Құрылыстың ірге тасы

- ленталық темірбетон,
- сыртқы қабырғалары жеңіл темір, аркалық панельдер полимер жағындысымен өңделген,
- терезелері темірпластик,
- Қақпасы екі жаққа ашылатын, арнайы техника кіре алатындай болуы
- едені түйілген топырақ
- мөлшерлі параметрлері 42x18x8,5м болуы тиіс

Етті ірі қара малдарын азықтандыру

Ірі қара малын азықтандыруда аз шығынмен мол өніп алып мал азығының сапасын, азықтық құндылығын артыру үшін азық дайындау, сақтау, оларды мал азықтандыруға жеткізу жүйесін жетілдіре білу керек. Сонда ғана сапалы ет өнімін алуға жол ашылады

тірі салма кг.	құрғақ заттар ,кг.	Азық бірлік, кг	Қорытылған п ротейн, г	Кальций, г	Фосфор, г	Каротин, мг
Туытқа дейін 2 ай						
400	9,8	6,4	704	60	35	250
500	11,4	7,5	825	70	40	300
600	13,0	8,5	936	80	45	340
700	14,2	9,3	1023	90	50	380
Лактацияның алғашқы 3—4 айы						

400	12,0	8,3	780	63	36	320
500	13,0	9,0	846	68	38	350
600	13,8	9,7	912	74	42	380
700	14,6	10,3	940	80	48	400
Лактация соңы мен бұзау бөлуден кейін						
400	10,5	6,7	570	50	27	248
500	12,2	7,9	672	59	32	292
600	13,6	8,9	756	67	36	330
700	14,3	9,4	800	72	39	350

Жайылымда күтіп бағу технологиясы

Ірі қалын жайылымда күтіп бағу технологиясы малды ұзақ мерзімге жайылымдық жерлерге тиімді пайдаланып жая білу жұмыстарына негізделеді. Жайылым жерлерді тиімді пайдалану үшін, оларды қоршау жұмыстары жүргізіледі. Бұл жағдайда еңбек өнімділігі артып, мал бағушы жұмыс күші үнемделеді, тек қоршау ағаштарының қалыпты жағдайда сақталуын қадағалау қажет. Жайылымдық жерлерді қоршауларға алу, олардың өнімділігін арттырадуға, мал азығының өсіп жетілуіне, жайылым жерлерінің өнімділігін жақсартуға әсер етеді. Себебі мал кезекпен жайылымдық жерлерге жіберіледі. Бұзаулы сиырларды жаю үшін төрт қатарлы тікенді сым темірлерден құралған қоршаулардың және жас малдарға үш қатарлы қоршаулардың тиімді екені анықталды. Етті ірі қара аналық малдарының 1 жылдық орташа жайылымдық шөптерінің мөлшері. Әр облыстар бойынша төмендегідей:

Оңтүстік шығыс аймақтар мен Жамбыл облысы бір бөлігінде 7880 келі жайылым азығын құрайды. Бұл осы аймақтағы 1 бас аналық етті сиырдың жыл бойғы азықтану рационының 56,5 пайызы болады .

Оңтүстік және Жамбыл облысы бір бөлігі, Түркістан мен Қызылорда облыстары бойынша 8300 келі жайылым азығын құрайды. Бұл осы аймақтағы 1 бас аналық етті сиырдың жыл бойғы азықтану рационының 59,5 пайызы болады .

Оңтүстік - Батыс және Батыс(Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облысы) 8220 келі жайылым азығын құрайды. Бұл осы аймақтағы 1 бас аналық етті сиырдың жыл бойғы азықтану рационының 59,0 пайызы болады.

Солтүстік -Шығыс (Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары) 7345 келі жайылым азығын құрайды. Бұл осы аймақтағы 1 бас аналық етті сиырдың жыл бойғы азықтану рационының 52,7 пайызы болады.

Солтүстік (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары) 7180 келі жайылым азығын құрайды. Бұл осы аймақтағы 1 бас аналық етті сиырдың жыл бойғы азықтану рационының 51,5 пайызы болады.

Орталық Қазақстан (Қарағанды облысы) 7940 келі жайылым азығын құрайды. Бұл осы аймақтағы 1 бас аналық етті сиырдың жыл бойғы азықтану рационның 57,0 пайызы болады. Қорыта келгенде жайылым азығы еліміздің әр өңірінде жайылым шөптердің өнімділігіне тікелей байланысты екені көрінеді.

Азық өндіру

Азық өндіру жұмыстарының негізгі міндеті - малға жоғары сапалы азық дайындау.

Мал азығын дайындау технологияларының бұзылуы мал азығының сапасының бұзылуына, мал өнімділігінің кемуіне, азық қорының артық жұмсалыуына және ақыр соңында мал азығының өзіндік құнының артыуына әкеліп соғады.

Қазақстан жерінде өсірілетін асыл тұқымды етті ірі қара малдары және оларға сұрыптау жұмыстарын жүргізу

1. Қазақстандағы арнайы етті ірі қара тұқымдары
2. Сұрыптау деген не?
3. Етті ірі қара тұқымдарын асылдандыру
4. Сұрыптау жөніндегі нұсқаулықпен жұмыс істеу.
5. ИСЖ және ИАС жүйелерін жүргізу
6. Асылдандыру жұмыстары жөніндегі толтырылатын құжаттар (Форма 1-6 және қосымшалар).
7. Практикалық сабақтар.

Етті ірі қара асыл тұқымды малдарының 01.01.2020 жылғы мәліметтері бойынша Қазақстанда таралуына келетін болсақ:

Қазақтың ақбас тұқым мал саны 336678 бас,

Әулікөл тұқымды мал саны 53377бас.

Абердин-ангусс тұқымды мал саны 101005 бас.

Геррефорд тұқымды мал саны 58846 бас.

Қалмық тұқымды мал саны 11481 бас.

Санта-Гертуда тұқымды мал саны 22574 бас.

Шароле тұқымды мал саны 1978 бас.

Галловей тұқымды мал саны 622 бас.

Лимузин тұқымды мал саны 793 бас.

Обрак тұқымды мал саны 126 бас.

Осы малдардың Қазақстан жеріне кең таралған тұқымдарына сипаттама беретін болсақ.

Қазақтың ақбас тұқымы

Қазақ ақбас тұқым малы Қазақ ССРі және Ресей мемлекетінің Орынбор Волгоград облыстарында жергілікті қазақ және қалмық сиырларын геррефорд (шетелдің) тұқымды ірі қара малымен шағылыстыру арқылы шығарылған жаңа тұқым малы. Бұл тұқым 1950 ж. жеке мал тұқымы ретінде бекітілді. Тұқым ретінде бұл малдар геррефорд (шетелдік) тұқымды малдарының тез жетілу және етінің жоғарғы шығымдылығын өзіне сіңіре білген. Қазақтың ақбас тұқымды малдарының дене бітімі көрнекті, өзіне тән тұқым ерекшеліктеріне сай келеді. Түрі қызыл, басы, кеудесі, бауыр түсі, аяқтарының төменгі жағы, құйрығының ұшы ақ және шоқтығы мен құймышағында да ақ белгілері болады. Бұзауларының туғандағы тірідей салмағы ұрғашылары 27-28кг, еркектері-29-30 кг болады. Туғаннан бастап енесімен күні-түні бірге болғандықтан, бұзаулары өте тез өсіп жетіледі. Тіпті 8-айлық бұзаулардың тірідей салмағы енесінен айырғанда 220-240 кг-ға дейін жетеді 1,5 жастағы пішпелері 390-400 кг, ал тайыншалары 320-340 кг. Жазғы жайлым уақытында жас малдардың әрқайсысы күн тәулігіне 750-800, тіпті 1000 граммға дейін салмақ қосады. Қарқынды өсіру жағдайына байланысты жас малдар 1-жасында 320-350 кг салмақ тартады. Ал бұл малдарды 15-16 айлық жасында етке өткізуге әбден болады. Ұшалары майлы және етті жоғары азықтық құнды болады.

Ірі өндіруші бұқалардың салмағы 800-1000 кг. Ал аналық сиырлардың салмағы 500-550 кг.-ға жетеді.

Қазақтың ақбас малы тез өзгеретін құрғақ континентті климатқа бейімделген жоғары талғамсыз төзімді және жақсы өсіп-өну қасиеттерімен ерекшеленеді. Осы қасиеттері жөнінде геррефорд малынан асып түседі.

Қалмық тұқымы

Қалмық сиырларын қалыптасуы жыл бойғы жайып бағудан пайда болған қатаң табиғи іріктеуге түсіп отырған сонымен қоса ірі қара мал бақташылары болашақ мал тұқымына өте (төзімді) берік дені сау, өте қатал қыстамаға шыдайтын малдарды ғана қалыптастырып отырған. Осы іріктеулердің арқасында қалмық малы көптеген белгілі бір құндылық қасиеттерімен басқа тұқым малдарынан ерекшеленеді.

Қалмық малдары тез өзгергіш континенттік климаты өте ыстық жаз және өте төмен температураға бейімделген. Бұл малдардың түсі әр түрлі қоюлықта қызыл, ақ басты. Қалмық сиырлары етті тез жетілуші және етті баяу жетілуші болып 2-ге бөлінеді.

Алғашқы тез жетілуші түрі дене бітімінің кіші-гірі салмағының аздығы және өсіп жетілуінің тездігі, жеңіл бітімді 2-4 пайызға ет шығымдылығы жоғары түрлері жұқалау болып келу қасиеті мен баяу жетілуші түрімен ерекшеленеді.

Жетілген аналық сиырлардың салмағы 470-570, кейбір сиырлары 670 кг-ға дейін барады. Толық жетілген бұқалары 800-870 кг-ға кейбір өндіруші бұқалар 1000-1100 кг-ға жетеді.

Қарқымды өсіру жағдайында қалмық тұқымды бұқалар және жақсы ет өнімділігін көрсетеді. 15-айлық жасында тірі салмағы 350-400 кг. 18-айлық жасында 400-450кг арнайы бордақылау алаңдарында немесе жайлым жағдайында тәуліктік орта салмақ қосу 800-1000 г.-ға жетеді.

Сойыс шығымы 55-60 пайыз көлемінде. Малдар құрғақ және ылғалды (силос, сенаж) азықтандыру кезінде тез жетіледі.

Абердин-ангус тұқымы

Солтүстік-шығыс Шотландияда өсіріліп шығарылған, етті тұқымға жатады. Түсі қара, мұқыл. Етті тұқымға жататын ірі қара малдың ішінде бүкіл дүние жүзі бойынша ең әйгілі осы Абердин-ангусс ірі қара малы болады. Бүкіл дүние жүзілік көрмеде бірінші орын алады. Өсіресе бұл тұқым АҚШ-та, Жаңа Зеландия мен Аргентинада көп таралған. Кеңес Одағына бірінші рет 1932 жылдан бастап әкеліне бастаған.

Абердин-ангус ірі қара малы етті келеді. Денесі дөңгелек, аяғы қысқа, мүйізі жоқ, көзі одырайып тұрады. Мойыны қысқа денесімен тұтасып біткен. Сан еттері өте жақсы жетілген. Абердин-ангусс ірі қара малының бұзауларының туғандағы салмағы ұрғашылары 27-28, бұқашықтары 28-30 кг. көрсетеді 6-айлық бұзауларының салмағы 150-180кг. жетеді. Ал енесінен бөлген кездегі салмағы 190-230 кг. болады. 3-жасар сиырларының салмағы 430-300 кг, жасы жетілген сиырлар 500-550 кг, ал бұқаларының салмағы 750-900 кг. Кейбір сиырлардың тірі салмағы 650-700кг, ал бұқалардың салмағы 1000 кг-ға дейін жетеді. Сүт өнімділігі төмен 1500-1700 кг. Абердин-ангусс ірі қара малы климат жағдайында тез бейімделіп орта және жоғары суық климатына төзімді келеді.

Геррефорд ірі қара малы

Геррефорд ірі қара малының дене тұлғасы жалпақ, мойыны қысқа, жауырыны, арқасы, саны, белі етті болып келеді, ал аяғы ұзын, түсі қызыл, басы, бауыры, сирағы, желіні, төсі және құйрығының қылы-ақ.

Еті сапалы, дәмді. Еттің шығымдылығы 60-65 пайыз, ал жақсы бордақыландығанда 70 пайызға жетеді. Ірі қара малының тірідей салмағы 800-1000кг. Ірі қара малының сүттілігі-1,5-2мың кг.

Ірі қара малының сүті бұзауларына толық жетеді, сүтін емізіп жүргенде арықтамайды. ТМД-ға Геррефорд ірі қара малының тұқымы бірінші рет 1928-1932 жылдары әкелінді. Әкелінген бұқалары Қазақстан, Поволжье, және Солтүстік Кавказдың шаруашылықтарына таратылды.

Геррефордтың таза тұқымдары етті мал өсіретін шаруашылықтарда өнеркәсіптік және сіңіре шағылыстыру үшін пайдаланылады. Шоқтығының биіктігі 124,126 см, бұзаулардың туғандағы салмағы ұрғашылары 25,28кг, ал

бұқашықтары 28,34 кг, 6-айлық бұзаулар 170-180 кг. 8-айлық жасында 200-230 кг, салмақ тартады. 18-айлық жасында ұрғашы таналары 360-400 кг. Ал бұқашықтары 450-500 кг-ға жетеді.

Етті ірі қара тұқымдарын асылдандыру жұмыстары



Етті ірі қара малын сұрыптау жөнінде нұсқаулық

1. Кіріспе бөлімі
2. Сұрыптау жұмыстарын ұйымдастыру
3. Өнімділігін анықтау
4. Конституция мен экстерерін анықтау
5. Өндіруші бұқалардың кластық бағасын анықтау
6. Аналық сиырлардың класын анықтау
7. Жас малдардың класын анықтау
8. Белгілердің кешенді кластарын анықтау.
9. Малдарды пайдалану бағыттарын анықтау
10. Бонитировка материалдарын сараптау асылдандыру жұмыстарын жақсарту.

Асыл тұқымды етті ірі қара өнімдерінің есептеу үлгілері

- 1-форма(Асыл тұқымды бұқашық карточкасы)
- 2-форма(Асыл тұқымды тайыншалардың карточкасы)
- 3-форма (Асыл тұқымды аналық малдардың ұрықтану және тууы журналы)
- 4-форма(Етті ірі қара төлдерінің өсу журналы)
- 5-форма(Етті ірі қара малдарының бағалау тізімі)
- 6-формаЕтті ірі қара малын бағалаудың қортынды тізімі

Шаруашылықтардың барлық ірі қара малдары (ИСЖ) ауыл шаруашылық малдарының идентификациялау журналына енгізіледі. Осы тізімнен асыл тұқымды малдар бөлініп алынып, (ИАС) аналитикалық ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Осыдан кейін барлық асыл тұқымды

малдарға ары қарай тиісті селекциялық жұмыстар жүргізіледі. Аналитикалық ақпараттық жүйесіне енгізілген асыл тұқымды малдарға мемлекеттік тұрғыдан көмектер беріліп, ары қарай дамуына жол ашылады.

Өздеріңіз көріп отырғандай:

№1-ші үлгіде асыл тұқымды бұқашықтардың есептеу үлгісі көрсетілген мұнда бұқашықтардың KZ номерлері, шығу тегінің тарихы, ата тегінің, әке шешесінің өнімділігі және өсу тарихы, туғандағы салмағы одан ары әр айлық өсу салмағы, шешелерінің өнімділігі, бұқашықтың сынақтан өту нәтижелері мен бұқаның асыл тұқымдылығын пайдалану жағдайлары тіркеледі.

№2-ші үлгіде дәл осындай ұрғашы таналардың асыл тұқымдылық өсіп жетілу тарихы толықтай көрсетіледі.

№3-ші үлгіде асыл тұқымды аналық сиырлардың ұрықтануының аталық ұрық беруші бұқа және төлдерінің туу жөніндегі тарихы әр аналық малдың жыл сайынғы, шаруашылықта қолданылу ұзақтылығы кезіндегі өнім беруі жазылады.

№4-ші үлгіде асыл тұқымды төлдердің тууы өсуі, ай сайынғы салмақтары ата тегі көрсетіліп сұрыптау және одан кейінгі толық мәліметтер көрсетіледі

№5-ші үлгіде асыл тұқымды бұқалардың, аналық сиырларының, ұрғашы және еркек жас малдардың жыл сайынғы сұрыптау нәтижелері, KZ номері, өнім беру шығу тегінің тарихы, ата тегінің, әке шешесінің өнімділігі және сұрыптау қорытындысының толық мәліметтері көрсетіледі.

№6-ші үлгіде асыл тұқымды етті ірі қара малын шаруашылық бойынша, жасына жынысына қарай саны, бағалаудың қортынды тізімі мен нәтижелері көрсетіліп мамандардың сараптамасы беріледі.

Малдәрігерлік - санитарлық іс шаралар

Етті ірі қара мал шаруашылығының тиімді дамуы әрқашан малдәрігерлік санитарлық іс шаралардың және емдеу, аурудың алдын алудың дұрыс өткізілуіне байланысты. Мал фермаларындағы малдар әрқашан малдәрігерлерінің жіті бақылауларында болуы керек. Диагностикалық зерттеулер мен профилактикалық екпелер шаруашылықта арнайы жасалынып, шаруашылық қожайындарымен бекітіліп, аудандық мемлекеттік малдәрігерлік инспектормен келісілген графикке сай жүргізілуі керек.